

Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық министрлігі
Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты

**Оңтүстік Қазақстанда қызанақты зиянкестер мен аурулардан қорғау
жүйесі**

(Ұсыныстар)



Алматы, 2017

ӘЖК 632.93

ББК 44

Авторлар:

Сагитов А.О., Джаймурзина А.А., Есжанов Т.К., Копжасаров Б.К., Умиралиева Ж.З., Слямова Н.Д., Жанарбекова А.Б.

Рецензент:

Динасилов А.С. – «Ж.Жиембаев атындағы ҚазӨҚЖКҒЗИ» ЖШС-нің энтомология зертханасының меңгерушісі

Оңтүстік Қазақстанда қызанақты зиянкестер мен аурулардан қорғау жүйесі /

А.О. Сагитов, А.А. Джаймурзина, Т. К. Есжанов және басқалары. - Алматы, 2017 - 27 б.

ISBN 978-601-7416-85-0

Ұсыныста Оңтүстік Қазақстандағы қызанақтың негізгі аурулары мен зиянкестері, олардың экологиялық-биологиялық ерекшеліктері, зияндылығы, фитосанитарлық тексеру жүргізу әдістері сипатталған, түсті суреттермен көрнекі материалдар көрсетілген. «Қызанақты аурулар мен зиянкестерден қорғау шараларының жүйесі» бөлімінде қорғау шараларының барлық жолы мазмұндалған. Қорғау шараларының технологиялық картасы күнтізбелік-фенологиялық реттілікпен берілген.

Ұсыныстар көкөніс шаруашылығымен айналысатындарға, қызығатындарға, ферма және шаруа қожалықтары бар агроном-көкөнісшілерге арналған.

ӘЖК 632.93

ББК 44

ISBN 978-601-7416-85-0

© Ж.Жиембаев атындағы «Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты», ЖШС 2017

© Сагитов А.О., Джаймурзина А.А., Есжанов Т.К., Копжасаров Б.К., Умиралиева Ж.З., Слямова Н.Д., Жанарбекова А.Б. 2017

Мазмұны

	Бет
Кіріспе.....	4
Қызанақтың негізгі зиянкестерінің сипаттамасы.....	5
Қызанақтың негізгі ауруларының сипаты.....	10
Қызанақты аурулар мен зиянкестерден қорғау шараларының жүйесі.....	18
Қызанақ танаптарының фитосанитарлық жағдайының есебі.....	21
Қызанақты зиянкестер мен аурулардан қорғау шараларының технологиялық картасы.....	24
Улы химикаттармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары.....	27

Кіріспе

Қазақстанның оңтүстігінде көкөніс дақылдары арасында жетекші орынды қызанақ алады. Оның жемісі жоғары дәмдік қасиеттерге ие болғандықтан халық арасында жоғары сұранысқа ие болып отыр. Бұл дақыл құнды азық-түлік өнімі ғана емес, сонымен қатар тағам өнеркәсібіне де техникалық шикізат болады.

Республиканың оңтүстігінде қызанақ жоғары маңызға ие көкөніс дақылдарының бірі болып табылады. Бұл аймақ оны өсіру үшін өте қолайлы.

Жоғары сапалы қызанақтың мол және тұрақты түсімін қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенінде негізгі элемент аурулар мен зиянкестерден тиімді қорғау болып табылады.

Қазіргі таңда қызанақты күтіп баптаумен фермерлік шаруашылықтар мен жерді жалға алушылар айналысады. Дайындықтарының әлсіз деңгейінен олардың көбісі фитосанитарлық талаптарды бұзады: егіс айналымын сақтамайды, тұқымдарды егер алдында дәрілемейді, жылыжайлар мен көшетханаларда топырақты зарарсыздандырмайды. Осының салдарынан инфекциялар қоры жиналып, аурулар мен зиянкестердің кең таралуына әкеліп соғады.

Республиканың оңтүстігінде көптеген зиянкестер мен аурулар аталмыш дақылдың орнықты серігіне айналды. Жаппай саңырауқұлақ, бактерия, вирустық, микоплазмалық аурулардың, сонымен қатар зиянкестердің: аққанат, кенелер, цикадкалар мен көбелектердің қатары өсуде. Бұл зиянды организмдердің кешені көкөніс өнімдерінің үлкен шығынына әкеп соқтырады. Олар егінді төмендетіп қана қоймай, оның тауарлық құндылығын жояды, жемістерді консервілік өнеркәсіп пен сақтауға жарамсыз етеді.

Фермерлердің пестицидтерді бақылаусыз қолдануы пестицидтерге резистентті (тұрақты) зиянкес популяциясының пайда болуына жол ашады. Осыған байланысты олар химиялық өңдеудің мөлшері мен санын жоғарылатады, ол қоршаған ортаның, топырақ пен өнімдердің улы химикаттармен ластануына әкеледі.

Зиянкестер мен аурулар кешенінен болатын шығындарды төмендету үшін, зиянды нысандардың түрлік құрамы мен даму ерекшеліктерін ескере отырып қорғау шараларын дұрыс, әрі уақытылы жүргізу қажет.

Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының жеміс-көкөніс дақылдарын қорғау бөлімінің қызметкерлерімен ғылыми зерттеулер (2015-2017жж.), әдеби мәліметтер талдауы негізінде Қазақстанның оңтүстігінде қызанақты зиянкестер мен аурулардан қорғау жөнінде ұсыныстар дайындалды.